

**Мектептің тұтас  
педагогикалық үдерісін  
диагностикалау**

**Орындаған: Тыныштықбай А**

Қаржаубай Н

Қаржаубаева А

Құмиева М

# ЖОСПАР:

1. Педагогикалық диагностика ұғымы.
2. ТПҮ диагностикасы
3. Мектепшілік бақылаудың формалары және әдістері.
4. Мектептің ТПҮ-н жоспарлау

**Диагностика** (гр. тілі “диагноз” – жалпы жағдайды талдау, өзекті мәселелерді айқындау)

**Педагогикалық диагностика**- психологиялық процестерді оқып үйрену және педагогтар мен оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

*1968 жылы К.Ингенкамп*

## Мақсаты

- жеке дара оқыту үрдісін үйлестіру
- оқыту нәтижелерін дұрыс анықтауды қамтамасыз ету

# ҚАДАҒАЛАУ

Алдын-ала  
қадағалау

Ағымдағы  
қадағалау

Мерзімді  
қадағалау

Тақырыптық қадағалау

Қорытынды қадағалау

Диагностикалаудың маңызды бөлігі-бұл қадағалау. **Қадағалау** - білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау қоюды білдіреді.

**Алдын-ала қадағалау** – диагностикалық міндеттерге орай жүргізіледі. Ондағы мақсат-оқушылардың оқуды бастауға дейін игерген білім, ептілік дағдыларының деңгейі, дәрежесін анықтау.

**Ағымдағы қадағалау**- оқу барысында ұйымдастырылып, білім, ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесін, сонымен бірге игерілген материалдың қаншалықты терең және берік бекігенін анықтау үшін қолданылады.

**Мерзімді қадағалау**- белгілі уақыт аралығындағы жұмыстардың қорытындысын алуға пайдаланылып, тоқсан немесе жарты жылдықта жүргізіледі.

**Тақырыптық қадағалау**-тақырып, бөлім материалдары өтіліп болған соң өткізіледі.

**Қорытынды қадағалау**- оқу процесінің соңғы нәтижелерін жинақтау үшін қолданылып, пән бойынша барлық білім, ептіліктер мен дағдылар жүйесін қамтиды.

# ТЕКСЕРУ

Мұндай қадағалаудың барлығы тексерулерден құралады.

*Тексеру* – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет-қимылдар жүйесі.

# БАҚЫЛАУ

Бақылау түрі – бұл белгілі мақсатпен өткізілетін бақылау формаларының жиынтығы.



тақырыптық



жан-жақты



**Тақырыптық бақылау** бүкіл оқу жылының барысында өткізіледі, оның мақсаты – педагогикалық ұжымның, әдістемелік бірлестіктің (ӘБ), бір топ мұғалімнің, жеке мұғалімнің немесе сынып жетекшісінің жұмысындағы нақты бір мәселені терең зерттеу (оқушылардың білім, білік, дағдыларының (ББД) деңгейі, мұғалім немесе сынып жетекшісі жұмысының сапасы, ӘБ жұмысының мазмұны оның проблемалық тақырыбына сәйкестігі, үйірме және факультатив жұмыстарының сапасы, сабақта қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, қосымша сабақтардың өткізілуі, т.б.). Тақырыптық тексеру оқу жылының кез-келген уақытында өткізіле береді.

**Жан-жақты бақылау** жылына екі-үш рет ғана жүргізіледі, оның мақсаты – оқу-тәрбие үдерісінің бір бағытын жан-жақты тексеру (әдістемелік жұмыс, оқу-тәрбие жұмысы, сабақтан тыс тәрбие жұмысы, ғылыми-зерттеушілік және эксперименттік жұмыс, т.б.) немесе әдістемелік бірлестіктердің, жеке мұғалімнің жұмысын жан-жақты тексеру. Егер біз жеке мұғалімнің жұмысын тексерсек, онда оның сабақтарға дайындығынан бастап, ол өткізетін сыныптан тыс іс-шаралармен аяқтаймыз (үйірме жұмысы, үлгерімі нашар оқушылармен сабақтан тыс жұмысы, т.б.). Егер бүкіл ӘБ жұмысы тексерілсе, онда да жоспарлаудан, ұйымдастыру жұмыстарынан бастап, сыныптан және мектептен тыс іс-шаралармен аяқтаймыз. Жан-жақты бақылау – бұл өте ауқымды іс, ұзақтылығы бойынша 10 күннен 20 күнге дейін созылады. Оны өткізу үшін арнайы 6-8 адамнан тұратын комиссия құрылады. Аталмыш тексеру жан-жақты дайындалып, оны өткізудің жоспарын жасағанда ғана тиімді болады.

Жан-жақты тексерудің тиімділігі, ол жеке мұғалімнің немесе бүкіл бірлестіктің, педагогикалық үдерістің барлық бағытындағы жұмысты көруге мүмкіндік береді. Жалпы жылына озат мектептерде 1-2 ӘБ және 2-3 пән мұғалімдерінің жұмысы фронталды түрде тексеріледі.

## Мектепшілік бақылау формалары

Тақырыптық бақылау да, жан-жақты бақылау да **түрлі формаларда** өтілуі мүмкін. **Форма** дегеніміз бақылауды ұйымдастыру тәсілі.

**Мерзімділігіне қарай** келесі бақылау формаларын ажыратуға болады:

- **Кіру** (оқу жылының басында өткенді қайталау мақсатында);
- **Алдын ала** (мұғалім жұмысында кемшіліктерді жібермеу, олардың алдын алу мақсатында);
- **Ағымдағы** (бір тақырыпты аяқтағаннан соң немесе тоқсан, жартыжылдық соңында);
- **Аралық** ( сыныптан сыныпқа көшіру емтихандары);
- **Қорытынды** (9, 11 бітіруші сыныптардағы емтихандар, БМ жылдық жұмысының нәтижелері).

Тексеріліп жатқан  
нысандарға қарай

ЖЕКЕ

ЖАЛПЫСЫНЫПТЫҚ

ЖАЛПЫПӘНДІК

ШОЛУ

КЕШЕНДІ

ІШІНАРА

**Жеке бақылау** жеке мұғалімнің қызметін бағалауды талап етеді. Көпшілігінде мұғалімге, әсіресе жас немесе тәжірибесі аз маманға көмек көрсету үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, мұғалім аттестаттауы кезінде өткізіледі.

**Жалпысыныптық бақылау** кезінде басшылар бір немесе бірнеше күн бойы бір сыныптағы барлық сабақтарға қатысады. Жалпысыныптық бақылау өз құрамында тақырыптық бақылаудың да, жеке бақылаудың да, жан-жақты бақылаудың да элементтерін қамтиді. Сонымен қатар оның өзіндік те ерекшеліктері бар, өйткені ол бір топ мұғалімнің бір сынып оқушыларына педагогикалық әсерін бақылауға және салыстыру әдісі арқылы сол әсердің сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Жалпысыныптық бақылау басшыдан алдын ала жақсы дайындықты талап етеді. Әдеттегідей мұндай бақылауға “нашар” сыныптар тандалады.

**Жалпытәндік бақылау** барысында бір пәнді бірнеше сыныпта жүргізетін мұғалімнің қызметі тексеріледі (мысалы, бір пәнді 5 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін жүргізетін мұғалімдер бақыланады). Бұл бақылауда оқытудағы сабақтастық мәселелері қарастырылады, әр жас ерекшелігіне қарай оқушылардың білім жүйесінің қалыптасуы, танымдық қызметінің, жалпы білім, білік, дағдыларының дамуы тексеріледі.

**Шолу бақылау** қысқа мерзімде бүкіл ұжымның немесе оның бір бөлігінің кәсіби деңгейімен жалпы танысу мақсатында өткізіледі.

Шолу бақылау сонымен қатар мектеп құжаттамасының жағдайын, мұғалімдердің еңбек тәртібінің жағдайын, оқу-техникалық құралдардың жағдайын, оқу кабинеттерінің оқу жылы соңындағы жағдайын, оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуін тексеру үшін қолданылады.

**Кешенді бақылау** параллель сыныптардағы мәселелер жағдайын кешенді түрде тексеру мақсатында өткізіледі (мысалы, параллель сынып оқушыларының білім және тәрбие деңгейі, параллель сыныптардың жетекшілерінің жұмыс сапасы, параллель сыныптағы оқытудың сапасы, параллельдегі ата-аналар қызметінің орындалуы және т.б.).

**Ішінара бақылау** талабы бойынша басшы өз жоспарына сәйкес ескертусіз мұғалімдердің жеке сабағына қатысады. Мұндай тексеру мұғалім сабаққа қалай дайындалады, сынып белсенділігі қандай, яғни сабақтағы тұтас педагогикалық үрдістің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

**Орындаушысына қарай** төмендегі бақылау формаларын ажыратады:

- **Ұжымдық** (бақылауға басқарудың барлық деңгейлері тартылады: әкімшілік, ӘБ жетекшілері, тәжірибелі мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар);
- **Өзара бақылау** (бақылауға ӘБ жетекшілері, тәжірибелі мұғалімдер және сынып жетекшілері тартылады);
- **Өзін-өзі бақылау** (бұл мүмкіндік ең тәжірибелі мұғалімдерге беріледі, олар белгілі мерзімде есеп беріп отыру керек);
- **Әкімшілік жоспарлы бақылау** (мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес мектеп директоры, оның орынбасарлары, ӘБ жетекшілері жүзеге асырады);
- **Әкімшілік реттеуші бақылау** (мектеп директоры және оның орынбасарлары жоспарда қарастырылмаған мәселелердің пайда болу жағдайында жүзеге асырады).

## Міндеттері

- оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру
- пәнаралық байланысты орнату
- пән бойынша оқушының білім, білік икем, дағдыларын дамыту
- уақытты тиімді қолдану
- өз жұмысыңды жүйелі жүргізуге жағдай жасау
- оқушылармен кері байланысты орнату
- сыныптың оқу-тәрбие жұмысына ықпал жасау
- мемлекеттік стандарт талаптарын орындау

## Мектептің ТПҮ-н жоспарлау

Мектеп жұмысының жоспарын дайындау оның орындалуының шынайылығын, нақтылығын, үздіксіздігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптарды сақтауды қажет етеді.





**Перспективалық  
жоспар**

- Мектептің соңғы жылдардағы жұмыстарына терең талдау жасау негізінде 5 жылға жасалады

**Жылдық  
жоспар**

- Жазғы каникулды қосқанда бүкіл оқу жылын қамтиды. Мектептің жұмыс жоспарын дайындау ағымдағы оқу жылында басталады да бірнеше кезеңді қамтиды.

**Ағымдағы  
жоспар**

- Жалпы мектептік жоспарды нақтылау үшін оқу тоқсанында жасалады. Осылайша жоспарлардың негізгі түрлері педагог, оқушы және ата – аналар ұжымдарының әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді.

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**

